

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2025 жылғы 27 ақпандағы № 103-н/к бұйрығы

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Электр энергетикасы саласындағы нормативтік техникалық құжаттарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 580 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14771 болып тіркелген) өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

атауы жаңа редакцияда жазылсын:

"Электр энергетикасы және жылу энергетикасы саласындағы нормативтік техникалық құжаттарды бекіту туралы";

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

""Жылу энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 2) тармақшасына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 323) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

1-тармақта:

42) тармақша жаңа редакцияда жазылсын:

"42) осы бұйрыққа 42-қосымшаға сәйкес Жылу электр станцияларының турбиналық жабдығының автоматты реттегіштерін ретке келтіру жөніндегі әдістемелік нұсқаулар бекітілсін;"

мынадай мазмұндағы 43) және 44) тармақшалармен толықтырылсын:

"43) осы бұйрыққа 43-қосымшаға сәйкес Орталықтандырылған және жергілікті жылумен жабдықтау жүйелеріне жататын жылу энергетикасы объектілері үшін сенімділік пен қауіпсіздіктің жоспарлы және ең төменгі көрсеткіштерін есептеу және бекіту әдістемесі бекітілсін;

44) осы бұйрыққа 44-қосымшаға сәйкес Желілердегі жылу ысырабын анықтау әдістемесі бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Диірмен-желдеткіштердің жұмыс қалақтары мен ұлу сауытының металы шығысының нормаларын есептеу әдістемесінің 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Диірмен-желдеткіштердің жұмыс қалақтары мен ұлу сауытының металы шығысының нормаларын есептеу әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) "Жылу энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 2) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 323) тармақшасына сәйкес әзірленген және жылу электр станцияларының диірмен-желдеткіштердің жұмыс қалақтары мен ұлу сауыты металының нормативтік шығысын айқындауға арналған.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мұнаралы градирняларды жөндеу кезіндегі кесілген ағаш материалдары шығысының нормаларын есептеу әдістемесінің 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Мұнаралы градирняларды жөндеу кезіндегі кесілген ағаш материалдары шығысының нормаларын есептеу әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) "Жылу энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 2) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 323) тармақшасына сәйкес әзірленген және жылу электр станцияларының мұнаралы градирняларын жөндеу кезіндегі кесілген ағаш материалдарының шығысын айқындауға арналған.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Гидроэлектр станцияларындағы су ағынын есепке алу жөніндегі әдістемелік нұсқаулардың 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Гидроэлектр станцияларындағы су ағынын есепке алу жөніндегі әдістемелік нұсқаулар (бұдан әрі – Әдістемелік нұсқаулар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 323) тармақшасына сәйкес әзірленген және гидроэлектр станцияларында (бұдан әрі – ГЭС) су ағынын есепке алуды ұйымдастыруға, өткізуге арналады және белгіленген қуаты 5 МВт астам барлық гидроэлектр станцияларына таралады.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жылу электр станцияларындағы сорбенттердің шығыс нормаларын есептеу әдістемесінің 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Жылу электр станцияларындағы сорбенттер шығысының нормаларын есептеу әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) "Жылу энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 2) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 323) тармақшасына сәйкес әзірленді және жылу электр станцияларында ағынды суларды тазалаудың технологиялық схемаларының сорбициялық сүзгіштерінде пайдаланылатын сорбенттердің шығыс нормаларын есептеу үшін қолданылады.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Күлді тасымалдау үшін аэронауалар мен пневмоаппараттарды жөндеуге арналған материалдар, қалқалар шығысының нормаларын есептеу әдістемесінің 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Күлді тасымалдау үшін аэронауалар мен пневмоаппараттарды жөндеуге арналған материалдар, қалқалар шығысының нормаларын есептеу әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) "Жылу энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 2) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 323) тармақшасына сәйкес әзірленді және аэронауалар, пневмоаппараттардың (пневоқабатты бекітпелердің, пневмоқабатты ауыстырып-қосқыштардың) және пневмо-күлтартатқыштардың (жылу электр станцияларының (бұдан әрі – ЖЭС) құрғақ күлұстағыштар шанаптарынан күлді эвакуациялау және пневмотасымалдау кезінде күлдің қабатын үздіксіз режимде жалған сұйылту қағидаты бойынша жұмыс істейтін пневмокүлжойғыш жүйелерінің) ауатартқыш қалқаларына арналған материалдар шығысының нормасын есептеуге арналған.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жылу электр станцияларындағы жылу автоматикасы және өлшеу құралдарын күрделі жөндеуге арналған қосалқы бөлшектер шығысының нормаларын есептеу әдістемесінің 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Жылу электр станцияларындағы жылу автоматикасы және өлшеу құралдарын күрделі жөндеуге арналған қосалқы бөлшектер шығысының нормаларын есептеу әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) "Жылу энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 2) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 323) тармақшасына сәйкес әзірленді және блок басқару қалқандарында немесе жылу электр станцияларының оқшауланған қалқан үй-жайларында пайдаланылатын жылу автоматикасы мен өлшеу құралдарын күрделі жөндеуге қосалқы бөлшектер шығысының нормаларын есептеуге арналған.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жылу электр станцияларының өндірістік сарқынды ағын суларды тазарту қондырғыларын іске қосу және ретке келтіру жөніндегі әдістемелік нұсқаулардың 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Жылу электр станцияларының өндірістік ағын суларды тазарту қондырғыларын іске қосу және ретке келтіру жөніндегі әдістемелік нұсқаулар (бұдан әрі – Әдістемелік нұсқаулар) "Жылу энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 2) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 323) тармақшасына сәйкес әзірленген және өндірістік процестерде және іске қосу-ретке

келтіру жұмыстары кезінде пайда болатын ағын суларды өңдеу және тазарту жөніндегі тазартқыш құрылыстарға қолданылады.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Газ-мазуттық қазандықтардың жану процесін реттеу жүйесін ретке келтіру жөніндегі әдістемелік нұсқаулардың 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Газ-мазуттық қазандықтардың жану процесін реттеу жүйесін ретке келтіру жөніндегі әдістемелік нұсқаулар (бұдан әрі – Әдістемелік нұсқаулар) "Жылу энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 2) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 323) тармақшасына сәйкес әзірленген және жылу энергетикалық қондырғыларды автоматты реттеу жүйелеріне қолданылады әрі газ-мазуттық қазандықтардың жану процесінің автоматты реттеу жүйесін құру бойынша схемалық ұсынымдарды қамтиды.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Шамадан тыс қысымды энергия блоктарының қазандықтарын пайдалану үшін химиялық тазарту жөніндегі әдістемелік нұсқаулардың 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Шамадан тыс қысымды энергия блоктарының қазандықтарын пайдалану үшін химиялық тазарту жөніндегі әдістемелік нұсқаулар (бұдан әрі – Әдістемелік нұсқаулар) "Жылу энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 2) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 323) тармақшасына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің жүйесіндегі мамандандырылған, жобалық, жөндейтін ұйымдардың қызметкерлеріне, 25 мега Паскаль (бұдан әрі – МПа) шамадан тыс қысымды (бұдан әрі – ШТҚ) бу стационарлық тура ағынды қазандардың пайдалану тазалауларын жобалау, дайындау және жүргізу кезінде электр станцияларының пайдалану қызметкерлеріне арналған.

Әдістемелік нұсқауларды әзірлеген кезде мамандандырылған ұйымдардың, жеке электр станциялары мен Ресей Федерациясының энергетикалық жүйелерінің ШТҚ блоктарын пайдалану тазалауларын жүргізу тәжірибесі ескерілді.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жуу құралдарының биологиялық ажырайтын су ерітінділерін қолдана отырып, турбоагрегаттардың май жүйелерін пайдалану үшін тазартуларды жүргізу жөніндегі әдістемелік нұсқаулардың 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Жуу құралдарының биологиялық ажырайтын су ерітінділерін қолдана отырып, турбоагрегаттардың май жүйелерін пайдалану үшін тазартуларды жүргізу жөніндегі әдістемелік нұсқаулар (бұдан әрі – Әдістемелік нұсқаулар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 323) тармақшасына сәйкес әзірленген және мұнай майлайтын майлары қолданылатын құбырларды ластанудан турбо-, гидроагрегаттарды, май шаруашылықтарды май жүйелерінің, басқа да энергетикалық жабдықтың май жүйелерінің элементтерінен пайдаланылмалы тазартуларды жүргізу кезінде биологиялық ажырайтын жуу құралдарын қолдану тәртібін айқындау үшін тағайындалған.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Электр беру желілері мен тарату құрылғыларының иілімді өткізгіштерін тексеру жөніндегі әдістемелік нұсқаулардың 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Электр беру желілері мен тарату құрылғыларының иілімді өткізгіштерін тексеру жөніндегі әдістемелік нұсқаулар (бұдан әрі – Әдістемелік нұсқаулар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 323) тармақшасына сәйкес әзірленген, қысқа тұйықталу кезінде электр беру желілері мен тарату құрылғыларының иілімді өткізгіштерінің қауіпті жақындасуын немесе айқасып қалуын айқындау жөніндегі есептерді орындау кезінде пайдалану үшін қолданылады.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Электр станциялары үшін күштік кәбілдер мен кәбілдік арматуралар шығысының және резервтік запасының нормаларын есептеу әдістемесінің 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Электр станциялары үшін күштік кәбілдер мен кәбілдік арматуралар шығысының және резервтік запасының нормаларын есептеу әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 323) тармақшасына сәйкес әзірленген және электр станцияларында қуатты кәбілдік арналарды жөндеуге арналған қуатты кәбілдер мен кәбілдік арматураның шығыс нормативтерін және резервтік запасын айқындауға арналған.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Гидроэлектр станцияларына жөндеу-пайдалану қызметін көрсету үшін шағын механикаландыру құралдарына, механикаландырылған қол құрал-саймандарына және арнайы керек-жарақтарға қажеттілік нормаларын есептеу әдістемесінің 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Гидроэлектр станцияларына жөндеу-пайдалану қызметін көрсету үшін шағын механикаландыру құралдарына, механикаландырылған қол құрал-саймандарына және арнайы керек-жарақтарға қажеттілік нормаларын есептеу әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 323) тармақшасына сәйкес әзірленген және механикаландырылған құралға (қол машиналарына), құрылыс-әрлеу машиналарына, дірілдеткіштерге, қол құрылыс-монтаждау, слесарлық, бақылау-өлшеу құралына,

электр гидроэлектр станцияларына техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу үшін қолданылатын құрылғыларға (негізгі электр жабдығын күрделі жөндеуден басқа) қолданылады.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген 330-1150 киловольт электр қондырғылардың негізгі электр жабдықтары жұмысының жарты фазалы режимдерін қолдану жөніндегі әдістемелік нұсқаулардың 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы 330-1150 киловольт (бұдан әрі – кВ) электр қондырғылардың негізгі электр жабдықтары жұмысының жарты фазалы режимдерін қолдану жөніндегі әдістемелік нұсқаулар (бұдан әрі – Әдістемелік нұсқаулар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 323) тармақшасына сәйкес әзірленген.

Әдістемелік нұсқауларда 330-1150 кВ электр станцияларының қосалқы станцияларында және ашық тарату құрылғыларында (бұдан әрі – АТҚ) бір фазалы бірліктерден үш фазалы топтар түрінде орындалған автотрансформаторлар (трансформаторлар) мен шунттаушы реакторлардың толық емес жұмыс режимдерін қолдану жөніндегі негізгі ережелер қамтылады.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Электр станцияларының тозаң дайындау жабдықтарын жөндеу жөніндегі әдістемелік нұсқаулардың 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Электр станцияларының тозаң дайындау жабдықтарын жөндеу жөніндегі әдістемелік нұсқаулар (бұдан әрі – Әдістемелік нұсқаулар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 323) тармақшасына сәйкес әзірленген және тозаң дайындау жабдығын жобалау, дайындау және оларға жөндеу жүргізу кезінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі жүйесіндегі мамандандырылған, жөндеу ұйымдарының персоналына, электр станцияларының пайдаланатын персоналына арналған.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жылу электр станцияларының жылу механикалық жабдықтарының инфрақызыл диагностикасы жөніндегі әдістемелік нұсқаулардың 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Жылу электр станцияларының жылу механикалық жабдықтарының инфра-қызыл диагностикасы жөніндегі әдістемелік нұсқаулар (бұдан әрі – Әдістемелік нұсқаулықтар) "Жылу энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 2) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 323) тармақшасына сәйкес әзірленген,

ғимараттар мен құрылыстарды, қазандықтарды, бу құбырларын, түтін құбырлары мен жылу желілерін жылуға ден қойып зерттеп-қарау шарттары мен тәртібін қарастырады."

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жылу электр станцияларындағы азот шығысының нормаларын есептеу әдістемесінің 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Жылу электр станцияларындағы азот шығысының нормаларын есептеу әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) "Жылу энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 2) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 323) тармақшасына сәйкес әзірленген және монтаждаудан немесе күрделі жөндеуден кейін Электролизді қондырғыны (бұдан әрі – ЭҚ) іске қосу кезінде аппараттар мен құбырларды азотпен үрлеу үшін пайдаланылатын азоттың шығыс нормативін айқындауға арналған.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жылу көзіне жылумен жабдықтаудың бу жүйесінен қайтқан конденсат шығысы мен санын өлшеу жөніндегі әдістемелік нұсқауларда:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Жылу көзіне жылумен жабдықтаудың бу жүйесінен қайтқан конденсат шығысы мен санын өлшеу жөніндегі әдістемелік нұсқаулар (бұдан әрі – Әдістемелік нұсқаулар) "Жылу энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 2) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 323) тармақшасына сәйкес әзірленген және жылумен жабдықтаудың бу жүйесінен жылу көзіне қайтарылған конденсаттың шығысы мен санының (бұдан әрі – конденсаттың шығысы мен саны) жазылған қатесі бар өлшеуін ұйымдастыруға және жүргізуге арналған.

Конденсаттың шығысы мен саны бойынша өлшеу ақпараты технологиялық режимді және жылумен жабдықтау бу жүйесінің жұмысын талдауды жүргізу, жіберілген жылу энергиясы мен жылу жеткізгішті есепке алу кезінде пайдаланылады.";

13-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"13. Өлшеуді орындауға дайындық "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы № 207 бұйрығымен бекітілген Жылу энергиясын жіберуді және жеткізгішін есепке алу қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10862 болып тіркелген) және Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 253 бұйрығымен бекітілген Электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10907 болып

тіркелген) (бұдан әрі – электр қондырғыларының ҚТҚ-сы) сәйкес өлшеу жүйелерін пайдалануға беру жөніндегі іс-шаралар кешенін жүзеге асыруды білдіреді, олардың негізгілері мыналар болып табылады:

- 1) ӨҚ-ларды тексеруді жүргізу;
- 2) жобалау құжаттамасына сәйкес монтаждау дұрыстығын тексеру;
- 3) баптау жұмыстарын жүргізу;
- 4) өлшеу жүйелерін пайдалануға беру.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жылу көзіндегі жылумен жабдықтаудың су жүйесінің құбыржолдарындағы жылу тасығыштың шығысы мен санын өлшеу жөніндегі әдістемелік нұсқауларда мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Жылу көзіндегі жылумен жабдықтаудың су жүйесінің құбыржолдарындағы жылу тасығыштың шығысы мен санын өлшеу жөніндегі әдістемелік нұсқаулар (бұдан әрі – Әдістемелік нұсқаулар) "Жылу энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 2) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 323) тармақшасына сәйкес әзірленген және жылу жеткізгіштің (беруші және кері құбыржолдардағы) шығысы мен санының жазылған қатесі бар өлшеуін ұйымдастыру және жүргізу кезінде жылу көздерінде (жылу электр станцияларында, қазандықтарда) пайдалануға арналған.

Жылу жеткізгіштің шығысы мен саны бойынша өлшеу ақпараты жылумен жабдықтау су жүйесінің жұмысының технологиялық режимін және оны талдауды жүргізу, тұтынушыларға жылу көзінен ыстық сумен бірге берілетін, жіберілген жылу энергиясының санын есептеу кезінде пайдаланылады.";

12-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"12. Өлшеуді орындауға дайындық "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы № 207 бұйрығымен бекітілген Жылу энергиясын жіберуді және жеткізгішін есепке алу қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10862 болып тіркелген) және Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 253 бұйрығымен бекітілген Электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10907 болып тіркелген) (бұдан әрі – электр қондырғыларының ҚТҚ-сы) сәйкес өлшеу жүйелерін пайдалануға беру жөніндегі іс-шаралар кешенін жүзеге асыруды білдіреді, олардың негізгілері мыналар болып табылады:

- 1) ӨҚ-ларды тексеруді жүргізу;
- 2) жобалау құжаттамасына сәйкес монтаждау дұрыстығын тексеру;

3) баптау жұмыстарын жүргізу;

4) өлшеу жүйелерін пайдалануға беру.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жылу электр станцияларына арналған гидразин шығысының нормаларын есептеу әдістемесінің 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Жылу электр станцияларына арналған гидразин шығысының нормаларын есептеу әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) оттегі коррозиясының және қазандықтардың, бу турбиналарының, конденсаторлар мен су конденсат трактісі жабдығы металының коррозиялық жарылуының алдын алу және темірдің, мыстың және коррозияның басқа да өнімдерінің конденсаттық, қоректік, қазандық судағы және қазандықтар буындағы тотыққан заттардың мөлшерін азайту үшін қажетті гидразиннің жұмсалуды нормалау мақсаттары үшін "Жылу энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 2) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 323) тармақшасына сәйкес әзірленген.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Белгіленген қуаты сағатына 100 гигакалория және одан жоғары қазандық қондырғыларының тозаң дайындау жүйесін жөндеуден пайдалануға қабылдап алу жөніндегі әдістемелік нұсқаулардың 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Белгіленген қуаты сағатына 100 гигакалорий және одан жоғары қазандық қондырғыларының тозаң дайындау жүйелерінің маңызды тораптарын жөндеуден пайдалануға қабылдап алу жөніндегі әдістемелік нұсқаулар (бұдан әрі – Әдістемелік нұсқаулар) "Жылу энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 2) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 323) тармақшасына сәйкес әзірленген және белгіленген қуаты 100 Гкал/сағ және одан жоғары қазандық қондырғылардың тозаң дайындау жүйелерінің маңызды тораптарын жөндеуден пайдалануға қабылдап алу кезінде техникалық талаптарды бағалауға арналған.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Электр станцияларындағы отынның үлестік шығыстарының өзгерістерін талдау жөніндегі әдістемелік нұсқаулардың 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Электр станцияларындағы отынның үлестік шығыстарының өзгерістерін талдау жөніндегі әдістемелік нұсқаулар (бұдан әрі – Әдістемелік нұсқаулар) "Жылу энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 2) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 323) тармақшасына сәйкес әзірленген.

Әдістемелік нұсқаулар электр станцияларының энергетикалық қазандықтарының жалпы отын шығыстарын ол босататын электр энергиясы мен жылу арасында бөлу

кезіндегі бірыңғай әдіснамалық тәсілді қамтамасыз ету жөніндегі ұсынымдар болып табылады.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жылу электр станцияларындағы арнайы тарылтатын құрылғыларды қолдану арқылы мазут шығысын өлшеу жөніндегі әдістемелік нұсқаулардың 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Жылу электр станцияларындағы арнайы тарылтатын құрылғыларды қолдану арқылы мазут шығысын өлшеу жөніндегі әдістемелік нұсқаулар (бұдан әрі – Әдістемелік нұсқаулар) "Жылу энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 2) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 323) тармақшасына сәйкес әзірленген және жылу электр станцияларында (бұдан әрі – ЖЭС) мазут шығын өлшеуге арналған.

Мазут шығысын өлшеуді ұйымдастыру мен орындау ЖЭС-та жүргізіледі және шығын өлшеуіш, арнайы тарылтатын құрылғыларға (бұдан әрі – АТҚ) қолданылады.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жылу электр станцияларындағы энергияны үнемдеу іс-шараларының экономикалық тиімділігін экспресс-бағалау жөніндегі әдістемелік нұсқаулардың 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Жылу электр станцияларындағы энергияны үнемдеу іс-шараларының экономикалық тиімділігін экспресс-бағалау жөніндегі әдістемелік нұсқаулар (бұдан әрі – Әдістемелік нұсқаулар) "Жылу энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 2) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 323) тармақшасына сәйкес әзірленген, жылу электр станцияларында жүргізілетін энергия үнемдеу іс-шараларының тиімділігін анықтау бойынша экспресс-бағалау есептеулерін жүргізудің бірыңғай қағидаттары мен тәртібін белгілейді.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жылу электр станцияларының релелік қорғаныс және автоматика құрылғыларын жаңғырту, реконструкциялау және ауыстыру жөніндегі әдістемелік нұсқаулардың 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Жылу электр станцияларының релелік қорғаныс және автоматика құрылғыларын жаңғырту, реконструкциялау және ауыстыру жөніндегі әдістемелік нұсқаулар (бұдан әрі – Әдістемелік нұсқаулар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 323) тармақшасына сәйкес әзірленген және ресурсын тауысқан немерген моральдық жағынан ескірген жылу электр станцияларының релелік қорғау және автоматика құрылғыларын жаңғырту, реконструкциялау және ауыстыру үшін қолданылады.

Жылу электр станцияларының релелік қорғау және автоматика (бұдан әрі – РҚА) құрылғыларын жаңғырту, реконструкциялау және ауыстыру энергетикалық жүйелер жұмысының орнықтылығы мен сенімділігін қамтамасыз етуді білдіреді.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Энергия жүйесінің электр бөлігіндегі аварияларды жою жөніндегі әдістемелік нұсқаулықтардың 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Энергия жүйесінің электр бөлігіндегі аварияларды жою жөніндегі әдістемелік нұсқаулар (бұдан әрі – Әдістемелік нұсқаулар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 323) тармақшасына сәйкес әзірленген және электр жүйесі электр бөлігінің жұмыс істеу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кернеуі 110 киловольттан жоғары күштік кәбілдік желілерді пайдалану жөніндегі әдістемелік нұсқаулардың 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Кернеуі 110 киловольттан (бұдан әрі – кВ) жоғары күштік кәбілдік желілерді пайдалану жөніндегі әдістемелік нұсқаулар (бұдан әрі – Әдістемелік нұсқаулар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 323) тармақшасына сәйкес әзірленген және кернеуі 110 кВ жоғары күштік кәбілдік желілерге қолданылады.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Электр қондырғыларының жерге тұйықтау құрылғыларының жай-күйін бақылау жөніндегі әдістемелік нұсқаулардың 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Электр қондырғыларының жерге тұйықтау құрылғыларының жай-күйін бақылау жөніндегі әдістемелік нұсқаулар (бұдан әрі – Әдістемелік нұсқаулар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 323) тармақшасына сәйкес әзірленген және электр желілері объектілерін, сондай-ақ желілерге қосылатын электр желісі шаруашылықтарының объектілерін пайдалану процесінде, жаңадан салу, техникалық қайта жарақтандыру және реконструкциялау кезінде тұйықтаушы құрылғылардың жай-күйін бақылауды жүргізуге арналған.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жылу электр станцияларындағы отынның үлестік шығыстарын нормалау жөніндегі әдістемелік нұсқаулардың 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Жылу электр станцияларындағы отынның үлестік шығыстарын нормалау жөніндегі әдістемелік нұсқаулар (бұдан әрі – Әдістемелік нұсқаулар) "Жылу энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 2) тармақшасына

және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 323) тармақшасына сәйкес әзірленген және жылу электр станцияларындағы (бұдан әрі – ЖЭС) отынның үлестік шығыстарын нормалауды анықтауға арналған.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Электр желілеріндегі электр энергиясы шығындарының нормативтік шамасын есептеу әдістемесінің 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Электр желілеріндегі электр энергиясы шығындарының нормативтік шамасын есептеу әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 323) тармақшасына сәйкес әзірленген және электр желілері арқылы электр энергиясын беруді жүзеге асыратын ұйымдардың электр желілеріндегі электр энергиясының технологиялық шығындарын есептеуге арналған.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Энергия жүйесіндегі технологиялық бұзушылықтардың алдын алу және оларды жою үшін электр энергиясын (қуатын) тұтынуды шектеу кестелерін жасау және қолдану жөніндегі әдістемелік нұсқауларда:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Энергия жүйесіндегі технологиялық бұзушылықтардың алдын алу және оларды жою үшін электр энергиясын (қуатын) тұтынуды шектеу кестелерін жасау және қолдану жөніндегі әдістемелік нұсқаулар (бұдан әрі - Әдістемелік нұсқаулар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 323) тармақшасына сәйкес әзірленді.";

12-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"12. ЖО ҰДО ЭКН субъектілері шектеулер кестесін келіспеген немесе ұсынбаған жағдайда, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 2 ақпандағы № 58 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10552 болып тіркелген) Қазақстанның бірыңғай электр энергетикасы жүйесінде авариялық бұзшылықтарды болғызбау және оларды жою жөніндегі қағидаларына сәйкес өз қалауы бойынша тұтынушыларды шектеу және сөндіру кестелері енгізіледі. Электр энергиясын (қуатын) тұтынуды шектеуді енгізу жөніндегі жедел өкімдер орындалмаған жағдайда, ЖО ҰДО (ӨДО) диспетчері "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Ұлттық Электр Желісіне қосылу нүктелерінде ЭКН субъектілерінің электр қондырғысын сөндіреді.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Салалық циркулярлар мен аварияға қарсы нұскамаларды әзірлеу жөніндегі әдістемелік нұсқауларда:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы салалық циркулярлар мен аварияға қарсы нұсқамаларды әзірлеу жөніндегі әдістемелік нұсқаулар (бұдан әрі - Әдістемелік нұсқаулар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 323) тармақшасына сәйкес әзірленді және аварияға қарсы нұсқамалар мен салалық циркулярлардың салалық өкімдік құжаттарының екі түріне қолданылады.";

11-тармақ алып тасталсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жылу электр станцияларындағы сутегі шығыны нормаларын есептеу әдістемесінің 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Жылу электр станцияларындағы сутегі шығынының нормаларын есептеу әдістемесі (бұдан әрі – Әдістемелік нұсқаулар) "Жылу энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 2) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 323) тармақшасына сәйкес әзірленді.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жылу электр станцияларындағы көмірқышқыл газын тұтыну нормаларын есептеу әдістемесінің 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Жылу электр станцияларындағы көмірқышқыл газын тұтыну нормаларын есептеу әдістемесі (бұдан әрі – Әдістемелік нұсқаулар) "Жылу энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 2) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 323) тармақшасына сәйкес әзірленді.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жылу электр станцияларының релелік қорғаныс және автоматика құрылғыларына қызмет көрсету жөніндегі әдістемелік нұсқаулардың 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Жылу электр станцияларының релелік қорғаныс және автоматика құрылғыларына қызмет көрсету жөніндегі әдістемелік нұсқаулар (бұдан әрі - Әдістемелік нұсқаулар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 323) тармақшасына сәйкес әзірленді және жылу электр станцияларының релелік қорғау және автоматика (бұдан әрі – РҚА) құрылғыларының сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қолданылады.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кернеуі 110 киловольт және одан жоғары электр беру желілерін жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге арналған материалдар мен бұйымдар шығысының нормаларын есептеу әдістемесінің 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Кернеуі 110 киловольт және одан жоғары электр беру желілерін жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге арналған материалдар мен бұйымдардың шығыс

нормаларын есептеу әдістемесі (бұдан әрі – Әдістемелік нұсқаулар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 323) тармақшасына сәйкес әзірленді.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кернеуі 110 киловольт және одан жоғары қосалқы станциялардың жабдықтарын жөндеуге және оларға техникалық қызмет көрсетуге арналған материалдар мен бұйымдар шығысының нормаларын есептеу әдістемесінің 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Кернеуі 110 киловольт (бұдан әрі – кВ) және одан жоғары қосалқы станциялардың жабдықтарын жөндеуге және оларға техникалық қызмет көрсетуге арналған материалдар мен бұйымдардың шығыс нормаларын есептеудің осы әдістемесі (бұдан әрі – Әдістемелік нұсқаулар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің қаулысының 15-тармағының 323) тармақшасына сәйкес әзірленді және номенклатура бойынша материалдарға қорлар алу үшін негіз болып табылатын кернеуі 110 кВ және одан жоғары қосалқы станцияларды күрделі жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге арналған материалдар шығысының салалық нормаларын және материалдар шығысының тиісті объектілік нормаларын әзірлеуге арналған.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Электр станциялары үшін күштік кәбілдер мен кәбілдік арматуралар шығысының және резервтік запасының нормаларын есептеу әдістемесінің 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Электр станциялары үшін күштік кәбілдер мен кәбілдік арматуралар шығысының және резервтік запасының нормаларын есептеу әдістемесі (бұдан әрі – Әдістемелік нұсқаулар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 323) тармақшасына сәйкес әзірленген және электр станцияларында қуатты кәбілдік арналарды жөндеуге арналған қуатты кәбілдер мен кәбілдік арматураның шығысын және резервтік запасын айқындауға арналған.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жылу электр станцияларының бу турбиналарына экспресс-сынақтарды жүргізу жөніндегі әдістемелік нұсқаулардың 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Жылу электр станцияларының бу турбиналарына экспресс-сынақтарды жүргізу жөніндегі әдістемелік нұсқаулар (бұдан әрі – Әдістемелік нұсқаулар) "Жылу энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 2) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 323) тармақшасына сәйкес әзірленді және жылу электр

станцияларының бу турбиналарына экспресс-сынақтар жүргізу тәртібін белгілеуге арналған.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Электр станцияларындағы өндірістік санитария бойынша жұмысты ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік нұсқауларда:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы электр станцияларында өндірістік санитария жөніндегі жұмысты ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік нұсқаулар (бұдан әрі – әдістемелік нұсқаулар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 323) тармақшасына сәйкес әзірленді және электр станцияларының энергетикалық жабдықтарына қызмет көрсету кезінде қауіпсіздік техникасы жөніндегі инженерлер мен құрылымдық бөлімшелер (цехтардың, қызметтердің, учаскелердің бастықтары, шеберлері) басшыларының практикалық жұмысына көмек көрсетуге арналған.

Осы әдістемелік нұсқауларда энергетикалық жабдықты пайдалану және жөндеу мәселелерімен айналысатын Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі жүйесіндегі барлық ұйымдар мен кәсіпорындардың құрылымдық бөлімшелерінің негізгі функциялары мен лауазымды адамдарының міндеттері регламенттелген.";

8-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"8. Өндірістегі жазатайым оқиға Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 20-тарауына сәйкес (бұдан әрі – Еңбек Кодексі) тергеп-тексеріледі және есепке алынады.";

12-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"12. Жоғарылауына жұмыс орнында санитариялық нормалар бойынша жол берілмейтін қауіпті және зиянды өндірістік факторлар шоғырлануының жол берілетін деңгейі және басқа да өлшемдері Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 3 тамыздағы № ҚР ДСМ-72 бұйрығымен бекітілген "Өндірістік мақсаттағы ғимараттарға және құрылыстарға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23852 болып тіркелген) (бұдан әрі – Өндірістік мақсаттағы ғимараттарға және құрылыстарға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар), Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 11 ақпандағы № ҚР ДСМ -13 бұйрығымен бекітілген "Өнеркәсіп объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26806 болып тіркелген) (бұдан әрі – Өнеркәсіп объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар) және "Табиғи және жасанды жарықтандыру" 2.04-02-2011 ҚР ҚН-ға (бұдан әрі – 2.04-02-2011 ҚР ҚН) сәйкес белгіленеді.";

Электр станцияларындағы қауіпсіздік техникасы мен өндірістік санитария бөлімінің ережесі 9-тармағының 5) және 6) тармақшалары жаңа редакцияда жазылсын:

"5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 3 тамыздағы № ҚР ДСМ-72 бұйрығымен бекітілген "Өндірістік мақсаттағы ғимараттарға және құрылыстарға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23852 болып тіркелген);

6) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 11 ақпандағы № ҚР ДСМ -13 бұйрығымен бекітілген "Өнеркәсіп объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26806 болып тіркелген);";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жылу электр станцияларының жылу энергетикалық жабдықтарын технологиялық қорғау схемаларын орындау жөніндегі әдістемелік нұсқаулардың 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы жылу электр станцияларында жылу энергетикалық жабдықтарды технологиялық қорғау схемаларын орындау жөніндегі әдістемелік нұсқаулар (бұдан әрі – Әдістемелік нұсқаулар) "Жылу энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 2) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 323) тармақшасына сәйкес әзірленген және жылу электр станцияларының (бұдан әрі – ЖЭС) жылу энергетикалық жабдығын технологиялық қорғау схемаларын орындау жөніндегі тәртіпке арналған.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жылу электр станцияларының турбиналық жабдығының автоматты реттегіштерін реттеу жөніндегі әдістемелік нұсқаулардың 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы жылу электр станцияларының турбиналық жабдықтарының автоматты реттегіштерін реттеу жөніндегі әдістемелік нұсқаулар (бұдан әрі – әдістемелік нұсқаулар) "Жылу энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 2) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 323) тармақшасына сәйкес әзірленген және автоматты басқару жүйесіне енгізуге қатысты (бұдан әрі – РАЖ) және жылу электр станцияларының (бұдан әрі – ЖЭС) турбиналық жабдықтарының автоматты реттегіштерін реттеу жөніндегі әдістерді анықтауға дайындау үшін арналған.";

осы бұйрыққа 1 және 2-қосымшаларға сәйкес көрсетілген бұйрыққа 43 және 44-қосымшалармен толықтырылсын.

2. "Электр энергетикасы саласындағы нормативтік техникалық құжаттарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің міндетін атқарушының 2017

жылғы 6 қаңтардағы № 2 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15045 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

атауы жаңа редакцияда жазылсын:

"Электр энергетикасы және жылу энергетикасы саласындағы нормативтік техникалық құжаттарды бекіту туралы";

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Жылу энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 2) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 323) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жылу электр станцияларындағы 30 %-дан астам ұшпа заттардың шығуымен қоңыр көмірлерді жағу кезінде газ-мазуттық отын шығысының нормаларын есептеу әдістемесінің 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Жылу электр станцияларындағы 30 %-дан астам ұшпа заттардың шығуымен қоңыр көмірлерді жағу кезінде газ-мазуттық отын шығысының нормасын есептеу әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) "Жылу энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 2) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 323) тармақшасына сәйкес әзірленді.";

"Жылу тасымалдаушы субъектінің
ажыратулар журналы"
әкімшілік деректерін жинауға
арналған нысанға
қосымша

"Жылу тасымалдаушы субъектінің ажыратулар журналы" әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсініктеме (индекс: 2-ЖО, кезеңділігі: жылына бір рет)

1. Жылу тасымалдаушы субъектінің ажыратулар журналында ажырату туралы ақпарат пайда болған сәттен бастап авариялар мен I және II дәрежелі істен шығуларды жою фактісі бойынша толтырылады.

2. 1-бағанда авариялар мен I және II дәрежелі істен шығулардың реттік нөмірі көрсетіледі. Көрсетілген нөмір жыл басынан бастап нөмірлеудің өтпелі тәртібін сақтай отырып, хронологиялық тәртіппен беріледі.

3. 2-бағанда авариялар мен I және II дәрежелі істен шығулар әкімшілік аумақтық объектілер сыныптауышына сәйкес елді мекеннің атауы орын алған елді мекен атауы көрсетіледі.

4. 3-бағанда жылутасымалдаушы субъектінің атауы көрсетіледі.

5. 4-бағанда авариялар мен I және II дәрежелі істен шығулардың орын алған уақыты "сағат.минуттар . күні.айы.жылы" форматында көрсетіледі.

6. 5-бағанда авариялар мен I және II дәрежелі істеншығуларды жою уақыты " сағат.минуттар . күні.айы.жылы" форматында көрсетіледі.

7. 6-бағанда авариялар мен I және II дәрежелі істен шығулардың орын алу себептері көрсетіледі.

8. 7-бағанда авариялар мен I және II дәрежелі істен шығуулардың сипаттамасы көрсетіледі.

9. 8-бағанда жылумен жабдықтаудан ажыратылған тұтынушылар (абоненттер) саны көрсетіледі.

10. Қорытынды жолдарда авариялар мен I және II дәрежелі істен шығулардың саны, сондай-ақ жылумен жабдықтаудан ажыратылған тұтынушылардың саны көрсетіледі.

Орталықтандырылған және
жергілікті жылумен жабдықтау
жүйелеріне жататын жылу
энергетикасы объектілері үшін
сенімділік пен қауіпсіздіктің
жоспарлы және ең төменгі
көрсеткіштерін есептеу және
бекіту әдістемесіне
2-қосымша
Әкімшілік деректерді жинауға
арналған
нысан

Жылу өндіруші субъектісінің ажыратулар журналы

Ұсынылады:				Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органға																								
Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет-ресурста орналастырылған:				www.gov.kz																								
Әкімшілік нысанның атауы:				Жылу өндіруші субъектісінің ажыратулар журналы																								
Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі):				3-АЖ																								
Кезеңділік:				жылына бір рет																								
Есепті кезең:				___ жыл																								
Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы:				жылу өндіруші субъектілер																								
Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі:				жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі 15 қаңтардан кешіктірмей																								
ЖСН/БСН:				<table><tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr></table>																								
Жинау әдісі:				қағаз тасығышта немесе компьютерленген жүйе арқылы электрондық түрде																								
№	Жылу өндіруші субъектінің атауы	Температуралық графиктен салқындатқыш параметрлерінің 3%-дан астам төмендеуі жағдайыны	Температуралық графиктен жылу тасымалдағыштың параметрлері 3%-дан астам төмендеген жағдайды жою уақыты мен күні	Температуралық графиктен салқындатқыш параметрлерінің 3%-	Температуралық графиктен салқындатқыш параметрлерінің 3%-	Температуралық графиктен салқындатқыш параметрлерінің 3%-дан жоғары төмендеу себептеріні	температуралық графикте жылутасым алдағыштың параметрлерінің төмендетуге түскен тұтынушылар (																					

		ң туындау уақыты мен күні		дан жоғары төмендеу себебі	ң сипаттамас ы	абоненттер) саны
1	2	3	4	5	6	7
ҚОРЫТЫН ДЫ:						

Телефон _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (болған кезде) қолы, телефоны

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

тегі, аты және әкесінің аты (болған кезде) қолы

"Жылу өндіруші субъектісінің
ажыратулар журналы" әкімшілік
деректерін жинауға арналған
нысанға қосымша

"Жылу өндіруші субъектісінің ажыратулар журналы" әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсініктеме (индекс: 3-АЖ, кезеңділігі: жылына бір рет)

1. Жылу өндіруші субъектісінің ажыратулар журналында ажырату туралы ақпарат пайда болған сәттен бастап және жылу тасымалдағыштың параметрлері температуралық графиктен 3 %-дан астам төмендеген жағдайды жою фактісі бойынша толтырылады.

2. 1-бағанда жылу тасымалдағыштың параметрлері температуралық графиктен 3%-дан астам төмендеген жағдайдың реттік нөмірі көрсетіледі. Көрсетілген нөмір жыл басынан бастап нөмірлеудің өтпелі тәртібін сақтай отырып, хронологиялық тәртіппен беріледі.

3. 2-бағанда жылу өндіруші субъектісінің атауы көрсетіледі.

4. 3-бағанда температуралық графиктен жылу тасымалдағыштың параметрлері 3 %-дан жоғары төмендеген жағдайдың уақыты мен күні "сағат.минуттар және кк.аа.жжжж" форматында көрсетіледі.

5. 4-бағанда 3%-дан жоғары температуралық гафиктен жылу тасымалдағыштың параметрлері төмендеген жағдайды жою уақыты мен күні "сағат.минуттар и кк.аа.жжжж" форматында көрсетіледі.

6. 5-бағанда температуралық графиктен жылу тасымалдағыш параметрлерінің 3% -дан астам төмендеу себептері көрсетіледі.

7. 6-бағанда температуралық графиктен жылу тасымалдағыш параметрлерінің 3%-дан астам төмендеу себептерінің сипаттамасы көрсетіледі.

8. 7-бағанда температуралық графикте жылу тасымалдағыштың параметрлерін төмендетуге түскен тұтынушылар (абоненттер) саны көрсетіледі.

9. Қорытынды жолдарда температуралық графиктен салқындатқыш параметрлерін төмендетуге түскен тұтынушылар санының сомасы көрсетіледі.

бұйрыққа 2-қосымша
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2016 жылғы 30 желтоқсандағы
№ 580 бұйрығына
44-қосымша

Желілердегі жылу шығындарын анықтау әдістемесі

1-тарау. Жалпы мәліметтер

1. Осы әдістемелік құрал - пайдалану барысында жылу желілерінің жылу оқшаулау қабаты арқылы жылу шығынын анықтауға және оны негізге ала отырып, пайдалану барысындағы нормалық жылу шығындарын анықтауға арналған.

2. Пайдалану барысында жылу шығыны мөлшері желілерді сынау арқылы анықталады. Сынақтың мақсаты – сол жылу желілеріндегі құбырлардың түрлі конструкциядағы жылу оқшаулағыштары мен түрлі төселім кезіндегі жылу шығындарын анықтау. Сынақ нәтижесінде тартылған құбырлардың нақты пайдалану жағдайындағы жылу оқшаулау қабатының күйі бағаланады.

3. Сынақ нәтижесін бүкіл жылу желілеріне телу үшін, сол жылу желісінің төселуі мен жылу оқшаулау конструкциясы бойынша өзіне тән телімдерінде (учаскелерінде) жүргізеді.

4. Жылу оқшаулау арқылы нақты жылу шығындарын айқындау Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 247 бұйрығымен бекітілген Электр станциялары мен желілерін техникалық пайдалану қағидаларының (бұдан әрі – ТПК) талаптарына сәйкес жүргізілуге тиіс (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11066 болып тіркелген) мерзімді түрде 5 жылда бір рет. Бұл ретте пайдалану, жаңа жылу желілерін енгізу және жұмыс істеп тұрған жылу желілерін реконструкциялау процесінде қартаю салдарынан оқшаулағыш конструкциялардың жылу техникалық қасиеттерінің өзгеруі анықталады.

5. Жылу желісінің жылу шығыны және оларды нормалау бойынша энергетикалық сипатын жасауда жылу оқшаулау қабаты арқылы нақты жылу шығынын анықтау үшін өткізілген сынақ нәтижелері негізге алынады.

2-тарау. Сумен жылытатын жылу желілеріне сынақ өткізу

1-параграф. Сынақ өткізу кезіндегі жұмыстарды орындау міндеті мен тәртіптері

6. Су жылу желілерін сынаудың тікелей міндеті – таңдалған режимде сынаққа алынған жылу желілерінің учаскелерінде жылу оқшаулауынан болатын нақты жылу

шығындарын анықтау және оларды сол учаскелер үшін нормативтік жылу шығындарымен салыстыру.

7. Жылу желілерін сынамас бұрын, учаскелердің бүлінген жылу оқшаулау қабаттарын орнына келтіріліп, жылу камераларын кептіріп, жер үстінде жиналған су болса, басқа жаққа ағызып және басқа да ұйымдастыру жұмыстарын атқару керек.

8. Сумен жылытатын желілерді сынау мынадай жұмыстарды қамтиды:

- жылу желісі бойынша талдау материалдары;
- сынаққа жататын желі учаскелерін таңдау;
- сынақ параметрлерін есептеу;
- желі мен жабдықтарды сынаққа дайындау;
- өлшеу құралдарын дайындау;
- жылу сынақтарын өткізу;
- сынақтардан алынған деректерді өңдеу.

-сынақ нәтижесінде алынған жылу шығыны шамасын нормативтік көрсеткішпен салыстыру.

2-параграф. Жылу желілеріндегі материалдарды талдау

9. Сынаққа дайындық барысында жылу желілерінің схемалары, оның жұмысындағы температуралық режимдер, жылу оқшаулау конструкциясының түрі мен төселу тәсілдері, құбырлардың жұмыс жасау мерзімі, осы желіге тән жағдайлар мен бүлінулер сипаты, жұмыс режимінің схемалары және су дайындайтын қондырғының жабдықтары, ондай-ақ жалпы желінің жылу оқшаулау қабаты мен төселу тәсілі туралы толық мәліметтер талдаудан өтуі тиіс. Мәліметтер жинау жұмысы бойынша кесте толтырылады (1 қосымшаның 1-кестесі), онда жылу желілерінің жекелеген учаскелері бойынша құбырлардың диаметрі, ұзындығы, жылу оқшаулау конструкциясы, төселім түрі, сондай-ақ құбырлардың жұмыс жасау мерзімі (пайдалануға берілген жылы) енгізіледі.

10. Сынақ нәтижесінде алынған мәліметтерді түрлі жұмыс режимдеріне есептеу және температуралық параметрлерді анықтау үшін сол жылу желісі тартылған елді мекеннің мынадай климатологиялық мәліметтері болу керек:

құбырлар осі жатқан орташа тереңдіктегі (жер астымен төселген желілер үшін) топырақ температурасының орташа айлық

$t_{гр}^{ср.м}$

және орташа жылдық

$t_{г}^{ср.м}$

мәндері;

сыртқы ауа температурасының орташа жылдық

$t_{\text{ср.г}}$

және орташа айлық

$t_{\text{ср.м}}$

мәндері.

Бұл мәндер климатология бойынша ҚНМЕ-нен, болмаса анықтамалық құжаттардан немесе осы елді-мекенге жақын орналасқан метеостанция мәліметтері (соңғы бес жылдан кем емес уақыт аралығында жиналған) бойынша қабылдануы мүмкін.

3-параграф. Сынақ жүргізілетін желі учаскелерін таңдау

11. Сынақ жүргізілетін желі учаскелері төселу және жылу оқшаулау конструкциясы бойынша осы тармаққа тән болуы керек.

Егер желі учаскесінің материалдық сипаты үлес салмағы

φ

бойынша жалпы жылу желісінің 20 % -нан кем болмаса, телім тармаққа тән болып саналады:

$$\varphi = \frac{M_x}{M_c} = \frac{\sum_x (d_n L)}{\sum_c (d_n L)} > 0,2, \quad (1)$$

мұндағы,

$$M_x = \sum_x (d_n L) \quad \text{—}$$

желінің беру немесе қайтару құбырлары бойынша төселулі және жылу оқшаулау конструкциясы осы іспеттес телімдердің қосылған жалпы материалдық сипаты, м2;

$$M_c = \sum_c (d_n L) \quad \text{—}$$

желінің беру немесе қайтару құбырлары бойынша жалпы материалдық сипаты, м2;

$$d_n \quad \text{—}$$

бір телімдегі құбырдың сыртқы диаметрі, м;

L – жылу желісінің ұзындығы, м.

12. Материалдық сипаты бойынша анықталатын жылу желісінің сынаққа жататын өзіне тән телімдерінің көлемі сынақ өткізуге техникалық мүмкіндіктің жетуімен және сынақ жүргізілмеген телімдерге жатқызуға болатын нәтижелер алу қажеттілігімен

анықталады. Демек, жылу желісінің сынаққа ұшырайтын учаскелерінің минималды көлемі жалпы тармақтың 20% -нан кем болмауы керек.


Сынақ жүргізілетін көлемнің бұдан кем болуы ерекше жағдайларды, мысалы мұндай телімдердің жылу тармағы бойынша шашыраңқы орналасып, оларды бір сақинаға жинау мүмкіндігі болмаған жағдайларда ғана болуы мүмкін.

13. Қос құбырлы жылу желісінде жылу шығынын анықтау бойынша сынақты беру, қайтару құбырларынан және оларды жалғайтын аралық құбырдан тұратын айналымды сақинада жүргізу қажет.

Айналым сақинасының бас жағында жылу дайындайтын қондырғылар мен жабдықтар орнатылады.

Айналым сақинасы бір-біріне кезекпен жалғанған диаметрі, оқшаулау конструкциясы, төселуі әр түрлі учаскелерден тұрады. Сынақты жылу желісінің негізін құрайтын магистраль және жылу көзінен барынша алыста орналасқан құбырда жүргізген жөн. Айналым сақинасының соңғы жағына тарату желілерінің құбырларын жалғауға болады. Сынақ кезінде айналым сақинасына қосылған барлық желілер мен тұтынушылар сынақ уақытында желіден ажыратылады.

14. Сынақ кезінде айналым сақинасының барлық учаскелерінде су шығыны бірдей болуы керек және осы әдістемелік құралдың 18-тармағында айтылған шамадан артық емес мөлшерде ғана желіден жоғалатын су шығынына ерекшеленуі мүмкін.



Сыналатын айналым сақинасының схемасы

I — жылу дайындау қондырғысы; II — айналым жалғаушы құбыры;

1 — желілік сорғы; 2 — жеңіл сорғы; 3 — толықтыру сорғысы;
4 — желілік судың негізгі қыздырғыштары; 5 — желілік суды қыздырғыш немесе су қыздырғыш қазан; 6 — беру құбырындағы өлшегіш диафрагма;
7 — толықтыру құбырындағы өлшегіш диафрагма; ТК — жылу камерасы;
беру құбыры; қайтару құбыры;
толықтыру құбыры; — температура өлшеу орны;
- өлшегіш аспап.

Жылутасымалдағыштың айналым сақинасынан өту бойында температурасының төмендеуі құбырлар мен арматуралар арқылы сыртқы қоршаған ортаға жылу жоғалуын көрсетеді.

Қауіпсіздік техникасы ережелері талаптарына сай дайындалған бақылау орындары мен өлшеу аспаптары жеткілікті болған жағдайда, бірнеше айналым сақинасын қатар сынауға болады.

4-параграф. Сынақ параметрлерін анықтау

15. Сыналатын айналым сақинасының басқы учаскесіндегі су шығыны мен жылу дайындау қондырғысынан шығатын су температурасының мәндері сынақ барысында есептік жолмен анықталатын негізгі параметрлер болып табылады. Сонымен қатар, сынау барысында қайтару құбырынаан су дайындау қондырғысына қайтқан су температурасы мен толықтыру су шығыны, сондай-ақ сынақтың өту ұзақтығы анықталады.

16. Айналым сақинасының температуралық режимі сынақ барысында келесі шарттардан құралады:

сынақ кезіндегі сақина учаскелеріндегі судың орташа температурасы мен қоршаған орта температурасы арасындағы айырым осы желінің беру және қайтару құбырларының орташа температурасы мен қоршаған орта температураларының айырымының орташа жылдық мәніне тең деп қабылданады;

сынақ кезінде айналым сақинасындағы су температурасының жылу шығындары әсерінен төмендеуі

$$\Delta t_{\text{ж}}$$

8 оС кем және 20 оС артық болмауы керек.

Сыналатын учаскелер арасында төселуі және жылу оқшаулау конструкциясы бойынша әр түрлі учаскелер болған жағдайда, сақинадағы су температурасының төмендеуі мына өрнекпен анықталады:

$$\Delta t_{\text{н}} = \frac{\Delta t_{\text{мнк}}}{\left(\frac{M_{\text{мнк}}}{M_{\text{к.п}} + M_{\text{к.о}}} \right)_{\text{н}}}, (2)$$

мұндағы,

$$\Delta t_{\text{мнк}} \text{ —}$$

материалдық сипаты бойынша ең төмен учаскенің беру немесе қайтару құбырларындағы су температурасының ең төменгі шектік суу температурасы, температураны өлшеу дәлдігін қамтамасыз ету шартынан, 2 оС деп қабылданады;

$$\left(\frac{M_{\text{мнк}}}{M_{\text{к.п}} + M_{\text{к.о}}} \right)_{\text{н}} \text{ —}$$

учаскенің беру және қайтару құбырларының ең төмен материалдық сипатының сыналатын сақинаның беру және қайтару құбырларының жалпы қосылған материалдық сипатына қатынасы.

$$\left(\frac{M_{\text{мнк}}}{M_{\text{к.п}} + M_{\text{к.о}}} \right)_{\text{н}} < 0,1$$

болған жағдайда, сыналатын сақинаның сәйкес телімдері үшін жылу жоғалтуы, ереже бойынша, жеке өлшенбейді.

Сыналатын сақинаның беру және қайтару құбырларында, жылу дайындау қондырғысына кіру және одан шығу температуралары мына өрнектермен анықталады, оС:

$$t_{\text{жк.б}} = \frac{t_{\text{б}}^{\text{орт.ж}} + t_{\text{к}}^{\text{орт.ж}}}{2} + \frac{\Delta t_{\text{н}}}{2} + t_{\text{к.о.с}} - t_{\text{к.о.}}^{\text{орт.ж}}; (3)$$

$$t_{\text{жк.к}} = t_{\text{б.с}} - \Delta t_{\text{с}} = \frac{t_{\text{б}}^{\text{орт.ж}} + t_{\text{к}}^{\text{орт.ж}}}{2} - \frac{\Delta t_{\text{с}}}{2} + t_{\text{к.о.с}} - t_{\text{к.о.}}^{\text{орт.ж}} (4)$$

мұндағы,

$$t_{\text{б}}^{\text{орт.ж}}$$

- сыналатын жылу желісінің беру және қайтару құбырларындағы судың орташа жылдық температуралары, оС. Сыртқы ауаның орташа айлық температурасы бойынша

бекітілген температуралық график бойынша анықталған, желі суының орташа айлық температураларының орташаландырылған мәні алынады;

$$t_{\text{жос}}$$

- сынақ кезінде сақинаның барлық учаскелері бойынша орташаланған қоршаған орта температурасы, оС;

$$t_{\text{жос}}^{\text{орт.ж}}$$

- сол учаскелер бойынша қоршаған ортаның орташа жылдық температурасының орташаландырылған мәні, оС.

Сыналатын сақина бойынша жер асты және жер асты учаскелері болатын болса, қоршаған ортаның орташаландырылған температурасы мына өрнектермен анықталады, оС:

$$t_{\text{жос}} = \frac{t_{\text{топ.с}}^{\text{ор.а}} \cdot M_{\text{жл.}} + t_{\text{жос}}^{\text{ор.а}} \cdot M_{\text{жу.}}}{M_{\text{к}}} ; (5)$$

$$t_{\text{окр.}}^{\text{ср.г}} = \frac{t_{\text{гр}}^{\text{ср.г}} \cdot M_{\text{под}} + t_{\text{е}}^{\text{ср.г}} \cdot M_{\text{над}}}{M_{\text{к}}} ; (6)$$

мұндағы,

$$t_{\text{гр.н}}^{\text{ср.м}}$$

және

$$t_{\text{е.н}}^{\text{ср.м}}$$

- сәйкесінше, сынақ жүргізген айдағы құбыр остері деңгейіндегі топырақтың және қоршаған ортаның температуралары, оС;

$$t_{\text{гр}}^{\text{ср.г}}$$

және

$$t_{\text{е}}^{\text{ср.г}}$$

— сәйкесінше, топырақ пен қоршаған ортаның орташа жылдық температуралары, оС;

$$M_{\text{под}}$$

және

$M_{\text{кад}}$

- сыналатын сақинадағы сәйкесінше, жер астымен және жер үстімен төселген беру немесе қайтару құбырлардың материалдық сипаты, м2;

M_k - сыналатын сақинадағы беру немесе қайтару құбырлар бойынша жалпы материалдық сипаты, м2.

17. Сыналатын сақинадағы судың есепті шығыны осы сақинаны сынау барысындағы шамаланған жылу жоғалу мәніне байланысты мына өрнек бойынша есептеп шығарылады, Вт немесе ккал/сағ:

$$Q_{\text{ж}} = \sum_{\text{под}} [q_{\text{жк}} \cdot \beta \cdot L] + \sum_{\text{над}} [(q_{\text{нпк}} + q_{\text{нок}}) \cdot \beta \cdot L], \quad (7)$$

мұндағы β — учаскедегі арматура, тірек, компенсаторларда жоғалатын жылуды ескеретін жергілікті жоғалту коэффициенті; жылу оқшаулау қабаты "Электр станциялары мер тармақтардың жабдықтары және құбырларының жылу оқшаулау қабатын жобалау нормаларына", ҚНЖЕ 2.04.14-88 "Құбырлар мен жабдықтардың жылу оқшаулау қабаты" және ҚНЖЕ 2.04.14-88* "Құбырлар мен жабдықтардың жылу оқшаулау қабаты" құжаттарына сәйкес жобаланған құбырлар үшін төмендегідей қабылданады:

каналсыз төсегенде — 1,15;

каналмен және жер үстімен төсегенде құбыр диаметріне байланысты: 150 мм -ге дейін — 1,2,

150 мм және одан артық — 1,15;

Жылу оқшаулау қабаты МҚН 4.02-03-2004 "Құбырлар мен жабдықтардың жылу оқшаулау қабаты"-на сәйкес жобаланған, жөнделген немесе ауыстырылған желілер үшін төсеу түріне және диаметріне қарамастан 1,1 деп қабылданады.

$q_{\text{жк}}$

— жылу желісінің беру және қайтару құбырларының сынау барысындағы төселім түріне және диаметріне сай меншікті жылу жоғалту мәндерінің қосындысы, Вт/м немесе Ккал/(м сағ);

$q_{\text{нпк}}$ және $q_{\text{нок}}$

— жылу желісінің сәйкесінше беру және қайтару құбырларының сынау барысындағы төселім түріне және диаметріне сай меншікті жылу жоғалту мәндері, Вт/м немесе Ккал/(м сағ).

және — жылу желісінің сәйкесінше беру және қайтару құбырларының сынау барысындағы төселім түріне және диаметріне сай меншікті жылу жоғалту мәндері, Вт/м немесе Ккал/(м сағ).

Жер үсті және жер астымен төсеген кездегі меншікті жылу шығыны мәндері сынақ кезіндегі температуралық режим мен айналым сақинасына сай нормаларға байланысты мына өрнектермен анықталады, Вт/м немесе Ккал/(м сағ):

$$q_{\text{нн}} = q_{\text{н}} \frac{t_{\text{нн}}^{\text{Ф}} + t_{\text{он}}^{\text{Ф}} - 2t_{\text{грн}}^{\text{ФМ}}}{t_{\text{п}}^{\text{ФГ}} + t_{\text{о}}^{\text{ФГ}} - 2t_{\text{гр}}^{\text{ФГ}}}; \quad (8)$$

$$q_{\text{нпн}} = q_{\text{нп}} \frac{t_{\text{нн}}^{\text{Ф}} - t_{\text{эн}}^{\text{ФМ}}}{t_{\text{п}}^{\text{ФГ}} - t_{\text{в}}^{\text{ФГ}}}; \quad (9)$$

$$q_{\text{нон}} = q_{\text{но}} \frac{t_{\text{он}}^{\text{Ф}} - t_{\text{эн}}^{\text{ФМ}}}{t_{\text{о}}^{\text{ФГ}} - t_{\text{в}}^{\text{ФГ}}}; \quad (10)$$

мұндағы

$q_{\text{н}}$, $q_{\text{нн}}$, және $q_{\text{но}}$

"Электр станциялары мен жылу тармақтарының жылу оқшаулау қабаттарын жобалау нормалары" бойынша жылу оқшаулауы осы нормаларға сәйкес орындалған жылу желілері учаскелерін сынау кезінде, немесе ҚНЖЕ 2.04.14-88 құжаты бойынша орындалған жылу оқшаулағышы бар жылу желілері үшін жылу ағынының тығыздығы нормалары бойынша (Осы әдістемелік нұсқаудың 2 қосымшасы) желілік судың және қоршаған ортаның жылдық температурасында қабылданады.

Бұл ретте сумен жылытатын жылу желілерінің және жалпақ, қисық беттердің жылу ағынының тығыздығын анықтау кезінде құбырлардың жобалану, жөнделу және ауыстыру жұмыстарын жүргізу уақытына қарай төмендегі құжаттарды пайдалану керек ;

01.01.1990 жылға дейін - "Электр станциялары мен жылу тармақтарының жылу оқшаулау қабаттарын жобалау нормалары" бойынша (2 қосымшаның 1 және 2 кестелері);

01.01.1990 жылдан 01.07.1998 жылға дейін - ҚНЖЕ 2.04.14-88 "Жабдықтар мен құбырлардың жылу оқшаулау қабаты" бойынша (2 қосымшаның 3-7 кестелері);

01.07.1998 жылдан 01.11.2005 жылға дейін - ҚНЖЕ 2.04.14-88* "Жабдықтар мен құбырлардың жылу оқшаулау қабаты" бойынша (2 қосымшаның 8-10 кестелері);

01.11.2005 жылдан кейінгі - МҚН 4.02- 03-2004 "Жабдықтар мен құбырлардың жылу оқшаулау қабаты" бойынша (2 қосымшанаң 11-14 кестелері).

Нақты мәліметтер болмаған жағдайда МҚН 4.02- 03-2004 "Жабдықтар мен құбырлардың жылу оқшаулау қабаты" құжаты нормаларымен жұмыс жасау керек.

Оқшауланған құбырлардан жасалған жылу желілері үшін жылу ағынының тығыздығының нормасын анықтау кезінде полеуретанды көбіктен, фенолды көбік тақтасынан, полимербетоннан жасалған жылу оқшаулағыш қабатты қолданған кезде жылу ағынының тығыздығының нормаларының өзгеруін ескеру қажет. Осы мақсатта К2 коэффициенті енгізіледі. (Осы әдістемелік нұсқаулардың 2 қосымшасы 5 кесте)

Нормативтен өзгеше температурадағы меншікті жылу шығынының мәндері сызықтық интерполяция (немесе экстрополяция) арқылы анықталады.

Сынақ кезінде беру және қайтару құбырлардағы судың орташа температуралары сәйкесінше мына өрнектермен анықталады, оС:

$$t_{\text{пн}}^{\text{Ф}} = t_{\text{пн}} - \frac{\Delta t_{\text{н}}}{4} = \frac{t_{\text{п}}^{\text{ФГ}} + t_{\text{о}}^{\text{ФГ}}}{2} + \frac{\Delta t_{\text{н}}}{4} + t_{\text{офрн}} - t_{\text{офр}}^{\text{ФГ}}; \quad (11)$$

$$t_{\text{он}}^{\text{Ф}} = t_{\text{он}} - \frac{\Delta t_{\text{н}}}{4} = \frac{t_{\text{п}}^{\text{ФГ}} + t_{\text{о}}^{\text{ФГ}}}{2} + \frac{\Delta t_{\text{н}}}{4} + t_{\text{офрн}} - t_{\text{офр}}^{\text{ФГ}} \quad (12)$$

18. Сынақ кезіндегі айналым сақинасындағы судың есепті шығыны мына өрнекпен анықталады, кг/с немесе т/сағ:

$$G_{\text{н}} = \frac{Q_{\text{н}}}{c \cdot \Delta t_{\text{н}}} \cdot 10^{-3}, \quad (13)$$

мұндағы, c - тармақтық судың меншікті жылу сыйымдылығы, $4,19 \cdot 10^3$ Дж/(кг °С) немесе 1 ккал/(кг 0С) қабылданады.

Сынақ кезінде тармақты толықтырып отырудың сағаттық мәні сынақ сақинасының құбырларының 0,5% мөлшерінде белгіленеді.

19. Су бөлшектерінің айналым сақинасы бойынша жүріп өту ұзақтығы мына өрнекпен анықталады, сағ:

G_n , кг/с шығын кезінде

$$\tau_k = \frac{V \cdot \rho \cdot 10^{-3}}{3,6 \cdot G_n} ; (14)$$

G_n , т/сағ шығын кезінде

$$\tau_k = \frac{V \cdot \rho \cdot 10^{-3}}{G_n} , (15)$$

мұндағы V — Жылу дайындау қондырғысынан шығып, қайта кіргенге дейінгі айналым сақинасының құбырларының барлық көлемі, м³;

t — судың орташа температурасының

$$\frac{t_{пк} + t_{ок}}{2}$$

мәніндегі айналым сақинасындағы су тығыздығы, кг/ м³.

5-параграф. Желілер мен жабдықтарды сынаққа дайындау

20. Сынақтан өтіп жатқан сақинадағы су айналымы кіші сыйымдылығы бар сорғымен қамтамасыз етіледі, оның ретінде жазғы желілік сорғы немесе жылу көзі жабдығының басқа түрі қолданылуы мүмкін.

21. Сынақтар кезінде су жылыту қондырғысы ретінде жылу алмасытқыштар қолданылуы керек, олар циркуляциялық сақинадағы жылу энергиясының есептік шығындарына сәйкес жылу қуатын қамтамасыз етеді және сондай-ақ сынақтар кезінде салыстырмалы түрде аз су шығыны кезінде көзден шығатын судың есептік температурасын қолдауға мүмкіндік береді.

22. Сыналатын сақинаның соңғы участігінде беру құбырынан қайтару құбырына су айдайтын жалғаушы құбыр орнатылады, ондағы есепті қысым жоғалту 1-2 м.

Жалғаушы құбыр ретінде соңғы учаскеде орналасқан элеватор құбыры болуы мүмкін. Мұндай жағдайда элеватордың саптамасы алынып тасталады.

23. Сынақ алдында барлық жалғанған бұрма құбырлар, сынаққа қатыспайтын беру және қайтару құбырлар арасындағы жалғау құбырлары және басқа да тұтынушы құбырлары негізгі сыналатын сақинадан ажыратылады. Ажырату сапасы тексерілуі керек.

6-параграф. Өлшеу аспаптарын дайындау

24. Жылу желілерін сынаған кезде: сынау сақинасындағы айналатын су шығыны, толықтыру су шығыны және өлшеу орындарындағы су температуралары өлшенеді.

Бұдан басқа, жылу дайындау қондырғысына қайтып келетін қайтару құбырындағы су қысымы бақылауда болу керек.

25. Желілік және толықтыру су шығындары беру және қайтару, сондай-ақ толықтыру құбырларында орнатылтын арнайы өлшеу аспаптарымен (өлшеу диафрагмалары) өлшенеді. Өлшеу диафрагмаларына айнымалы қысым айырымының шығын өлшегіштерін жалғауға болады.

Өлшеу диафрагмалары сынақ параметрлерін анықтау кезінде алдын-ала мөлшерленген су шығындарына есептелген болуы керек.

Жаңа диафрагмаларды "Сұйықтар, газдар жән булар шығынын стандарт диафрагмалар мен саптамалармен өлшеу ережелеріне" сәйкес есептеп, орнатады (РД 50-213-80).

Калибрлеу сертификатты басқа да шығын өлшеу аспабын қолдануға рұқсат етіледі.

26. Сыналатын айналым сақинасындағы су температурасы беру және қайтару құбырларының учаске шеттеріндегі орындарда осы методикалық нұсқаудың 14 пунктіне сай анықталады. Сыналатын сақинаның соңғы нүктесінде, яғни жалғаушы құбырда бір термометр орнатылады.

Жылу дайындау қондырғысының қайтару құбырына орнатылатын термометрді толықтыру құбырына дейін орнатады.

Су температурасы және сыртқы ауа температурасы сынақ кезінде 0,1 °C бөлікті лабораториялық термометрлермен өлшенеді.

27. Сынақ кезінде қолданылатын барлық өлшеу аспаптары ережелер бойынша тексеруден өтуі керек.

7-параграф. Сынақтардың техникалық және жұмыс бағдарламасын жасау

Сынақ алдында сынақтың техникалық және жұмыс бағдарламасы жасалады.

28. Сынақтың техникалық бағдарламасы мынадай бөліктерден тұрады:

- объектінің атауы, сынақтың мақсаты және оның көлемі;
- дайындық жұмыстарының тізімі және оларды жүргізу уақыты;
- сынақ жүргізудің шартты жағдайы;
- сынақ жүргізу кезеңдері, олардың кезектілігі, әр кезеңнің және жалпы сынақтың ұзақтығы;
- жылу көзінің жабдықтарының, сыналатын учаске және оған байланысты жылу желілерінің жұмыс режимі,есепті параметрлері, олардың мүмкін ауытқулары мен параметрлердің шекті мәндері;
- сынақ аяқталғаннан кейінгі жылу көзінің жабдықтары мен жылу желілерінің жұмыс режимі;
- сынақ кезіндегі қауіпсіздік техникасы;
- сынақты дайындауға және жүргізуге жауапты адамдар тізбесі;
- техникалық бағдарламаға келісім беруші адамдар тізбесі.

29. Сынақтың жұмыс бағдарламасы мына бөліктерден тұрады:

сынақ алдында жасалатын жұмыстардың тізбесі (қондырғыларды дайындау, жылу көзі мен желінің схемаларын құрастыру, өлшеу аспаптарын орнату, байланыс және сигнал беру құралдарын орнату және т.б.), қондырғылардың бастапқы күйі туралы мәліметтер;

бақылаушыларды дайындауға қатысты шаралар, режимнен ауытқу болған жағдайда жән өлшеу құралдары ақаулы болған жағдайларда өлшемдерді жүргізуге дайындау, сынақ кезінде қауіпсіздік техникасын сақтауға үйрету;

сынақтың оперативті және техникалық бөлігіне жауапты ұйымдар мен кісілердің тізімі;

сынақтың жұмыс бағдарламасына келісім беруші кісілер;

сынақты дайындау мен жүргізудің технологиялық операцияларының тізімі мен кезектілігі;

сынақты жүргізу графигі (әр кезеңнің және жалпы сынақтың басталу және аяқталу уақыты);

сынақтың аралық нәтижелері бойынша сынақ жүргізу графигіне енуі мүмкін түзетулер (үзіліс, режимдерді қайталау, сынақты тоқтату және т.б.);

сынақ аяқталғаннан кейін қондырғылардың жұмыс режимі туралы нұсқаулықтар дайындау;

сынақ жүргізу кезіндегі қауіпсіздік техникасы талаптары;

сынақты дайындауға және жүргізуге жауапты адамдар тізбесі;

қажетті схемалар, сызбалар, графиктер.

8-параграф. Жылу сынақтарын жүргізу

30. Әзірленген гидравликалық және температуралық сынақ режимдері келесі тәртіппен жүзеге асырылады:

желілік және толықтыру құбырларында шығын өлшеу аспаптары қосылады және айналым сақинасының жалғаушы құбырына, жылу дайындау қондырғысының кіру және шығу тұстарына термометрлер орнатылады;

айналым сақинасы бойынша есепті түрде анықталған су шығыны белгіленеді және сынақ кезінде тұрақты деңгейді сақталады;

айналым сақинасының қайтару құбырының жылу дайындау қондырғысына кіру тұсында қысым анықталады;

айналым сақинасының жылу дайындау қондырғысынан шығу тұсында беру құбырында (3) анықталған

$t_{\text{пн}}$,

температура белгіленеді.

31. Айналым сақинасының тармағындағы су шығыны ауытқуы есепті мөлшерден $\pm 2\%$ артпау керек.

Беру желісіндегі су температурасы $\pm 0,50^\circ\text{C}$ дәлдікте сақталуы керек.

32. Жер астымен төселген жылу желісінің жылу шығынын анықтау жылу жағдайы қалыптасқан кезде, яғни құбырларды қоршаған топырақ температурасы сынақтың берілген режимінде тұрақтанған кезде жүргізіледі.

Сыналатын сақинаның жылулық күйінің қалыптасу ұзақтығы тармақтың сынақ алдындағы күйі мен температуралық режиміне байланысты, әдетте $(2 \div 8)$

$t_{\text{ж}}$

аралығында болады,

$t_{\text{ж}}$

- (15) өрнек бойынша анықталады.

Сыналатын сақинаны қоршаған топырақтың жылулық күйінің тұрақтануын жылу дайындау қондырғысына кіретін қайтару құбырдың су температурасы 4 сағат бойына тұрақтанған кезде білуге болады

Топырақтың жылынуы кезінде айналымдағы және толықтыру құбырларындағы су шығындары, жылу дайындау қондырғысынан шығу және кіру кезіндегі, сондай-ақ жалғаушы құбырдағы су температуралары өлшенеді. Өлшем нәтижелері әрбір 30 минут сайын тіркеліп отырады.

Егер сынақ алдында сынақтан өтіп жатқан магистрал құбыр бойынша тұтынушылардың ыстық суымен жабдықтауы су беруші желісіндегі су температурасына

$t_{\text{п.н.}}$

шамалас температурада ыстық су берілген болса, топырақтың жылыну уақыты мүмкіндігінше қысқарады.

33. Барлық өлшем нүктелерінде жылулық күй қалыптасқаннан кейін барлық өлшеу нүктелеріне термометрлер орнатылып, су температуралары өлшенеді. Термометрлер мен шығын өлшегіш аспаптардың көрсеткіштері әрбір 10 минут сайын бір мезгілде тіркеліп отырады. Сынақтың негізгі режимінің ұзақтығы

$t_{\text{ж}}$

+ $(8 \div 10)$ сағаттан кем болмауға тиіс.

34. Сынақтың соңғы кезеңінде "температуралық толқын" әдісімен айналым сақинасының алдын-ала (15) өрнекпен анықталған

$t_{\text{ж}}$

температурасының сәйкестігі тексеріледі. Бұл кезеңде беру құбырындағы су температурасы 20-40 минут бұрын

$t_{\text{п.н.}}$

- қарағанда 10-20 оС көтеріледі де осы деңгейде 1 сағат бойы ұсталып тұрады. Сосын сондай жылдамдықпен су температурасы

$t_{\text{пл}}$.

-ға дейін төмендеп, сынақ соңына дейін ұсталып тұрады.

"Температуралық толқын" режимінде су шығысы өзгеріссіз қалады. Сыналатын сақина бойынша "температуралық толқынның" өтуі барлық бақылау орындарында әрбір 10 минут сайын тіркеп, су бөлшектерінің нақты өту ұзақтығын анықтауға мүмкіндік туады.

"Температуралық толқын" қайтару құбырмен жылу дайындау қондырғысына келіп кіргенде, сынақ аяқталды деп саналады.

35. Негізгі сынақ режимі мен "Температуралық толқынды" қосы есептегенде, жалпы сынақ ұзақтығы 2

t_k

+ (10÷12) сағатты құрайды.

8-параграф. Сынақ нәтижелерін өңдеу

36. Сынақ нәтижелері бойынша айналым сақинасының беру және қайтару құбырлары бойынша жылу шығыны мөлшерлері анықталады.

37. Сынақ температурасының режимі қалыптасқан жағдайға жақындаған тұсын анықтау үшін барлық өлшеу орындары бойынша температураның өзгеру графигін тұрғызу керек.

Сынақ режимі қалыптасқан жағдайға жақын болған кездегі 20-30 өлшемдерді орташалаңдырып, әрбір өлшеу орындары бойынша су температурасының орташа мәндері есептеп шығарылады. Осы уақытта тармақтық су мен толықтыру суларының шығынының орташа мәндері анықталады.

Температураның орташаланған мәні уақыт бойынша өлшеу орындарының арасында "Температуралық толқын" әдісі бойынша анықталған судың жүру ұзақтығына байланысты өзгеріп отырады.

38. Сыналатын сақинаның беру

$Q_{\text{пл}}$

және қайтару

$Q_{\text{от}}$

құбырлары бойынша жоғалатын жылу мөлшері мына өрнектермен анықталады, Вт немесе Ккал/сағ:

$$Q_{\text{пк}} = c(G_c - \frac{G_{\text{п}}}{4})(t_{\text{п}}^{\text{н}} - t_{\text{п}}^{\text{к}}) \cdot 10^3 ; (16)$$

$$Q_{\text{ок}} = c(G_c - \frac{3G_{\text{п}}}{4})(t_{\text{о}}^{\text{н}} - t_{\text{о}}^{\text{к}}) \cdot 10^3 , (17)$$

мұндағы

G_c

— жылу дайындау қондырғысынан шығу кезіндегі беру құбырындағы орташаланған су шығыны, кг/с (т/сағ);

$G_{\text{п}}$

— толықтыру су шығынының орташаланған мәні , кг/с (т/сағ);

$t_{\text{п}}^{\text{н}}$

және

$t_{\text{п}}^{\text{к}}$

— беру құбырының басында және аяғында өлшенген су температуралары, 0С;

$t_{\text{о}}^{\text{н}}$ и $t_{\text{о}}^{\text{к}}$

қайтару құбырдың басында және аяғында өлшенген су температуралары, °С.

39. Егер сыналатын учаскеде төселімі және жылу оқшаулау конструкциясы басқадай, ұзындығы шамалы құбыр кесіндісі болатын болса, ол учаскенің сынақ нәтижелерін былайша есептейді:

(16) және (17) өрнектер бойынша, сипаты бөлек кесіндіні қоса есептегенде беру және қайтару құбырларының нақты жылу жоғалту мөлшері анықталады;

әрбір сипаты бөлек кесінді үшін беру және қайтару құбырлары бойынша орташа температуралары анықталады, 0С:

$$(t_{\text{пк}}^{\text{Ф}})' = t_{\text{п}}^{\text{н}} - (t_{\text{п}}^{\text{н}} - t_{\text{п}}^{\text{к}}) \frac{M_{\text{п.н.ч}} + 0,5M_{\text{п.отр}}}{M_{\text{п.уч}}} ; (18)$$

$$(t_{\text{ок}}^{\text{Ф}})' = t_{\text{о}}^{\text{к}} + (t_{\text{о}}^{\text{н}} - t_{\text{о}}^{\text{к}}) \frac{M_{\text{о.н.ч}} + 0,5M_{\text{о.отр}}}{M_{\text{о.уч}}} , (19)$$

мұндағы

$$M_{\text{п.уч}}$$

,

$$M_{\text{о.уч}}$$

— барлық сыналған айналым сақинасындағы, сәйкесінше беру және қайтару құбырлардың материалдық сипаттары, м2;

$$M_{\text{п.им}} \text{ және } M_{\text{о.им}}$$

— айналым сақинасының сәйкесінше, беру және қайтару құбырлары бойынша учаскенің басынан сипаты бөлек кесіндіге дейінгі учаскенің материалдық сипаты, м2;

$$M_{\text{п.отр}} \text{ и } M_{\text{о.отр}}$$

— сипаты бөлек кесіндінің беру және қайтару құбырлары бойынша материалдық сипаты, м2.

Осы Әдістемелік нұсқаудың 2.4.3. п. әдіспен сынақ температуралық режимінде сипаты бөлек құбыр кесіндісінің шамамен жылу шығыны мөлшері анықталады; L — сипаты бөлек кесінді ұзындығы (м), ал

$$Q_{\text{ни}} , Q_{\text{н.п.и}}$$

, және

$$Q_{\text{н.о.и}}$$

мәндері

$$(t_{\text{ни}}^{\text{Ф}})'$$

,

$$(t_{\text{о.и}}^{\text{Ф}})'$$

және топырақпен қоршаған ортаның температуралары бойынша анықталады.

Айналым сақинасының негізгі бөлігінің нақты жылу жоғалтуы әр құбыр бойынша (16) және (17) өрнектер бойынша анықталатын жылу жоғалтулардың жән сипаты бөлек құбырлардың жылу жоғалтуларының айырымымен анықталады және келесі еспетеулерде қолданылады.

10-параграф. Жылу шығынын анықтау нәтижелерін бағалау және қолдану

40. Сынақ нәтижесінде алынған нақты жылу жоғалту мөлшерлері жылу тармағы жұмысының орташа жылдық температуралық жағдайына келтіріліп, жылумен жабдықтау субъектінің жылу тармақтары арқылы жоғалатын жылу шығынын келесі

бес жылдыққа нормалауға негіз ретінде, сонымен қатар, жылу тармақатырының техникалық жағдайын және жылу оқшаулау қабаттарының жылутехникалық жағдайын бағалауға қолданады.

41. Орташа жылдық шарттар үшін нақты жылу шығындарын бағалау осы құжаттың 2 қосымшасында көрсетілген Нормалар бойынша анықталған сәйкес жылу шығындарымен салыстыру жолымен анықталады.

42. Жылу тармағының барлық сыналған учаскелерінің жылу жоғалтуын орташа жылдық жағдайға айналдыру мына өрнектер бойынша жүргізіледі, Вт немесе ккал/сағ: беру және қайтару құбырлары бойынша, жер астымен төселген учаскелер үшін:

$$Q_{\text{жи}}^{\text{ФГ}} = \frac{Q_{\text{пн}}(t_{\text{п}}^{\text{ФГ}} - t_{\text{гр}}^{\text{ФГ}}) + Q_{\text{он}}(t_{\text{о}}^{\text{ФГ}} - t_{\text{гр}}^{\text{ФГ}})}{\frac{1}{4}(t_{\text{п}}^{\text{ж}} + t_{\text{п}}^{\text{к}} + t_{\text{о}}^{\text{ж}} + t_{\text{о}}^{\text{к}}) - t_{\text{грн}}} ; (20)$$

беру және қайтару құбырлары бойынша, жер бетімен тартылған құбырлар үшін:

$$Q_{\text{ппн}}^{\text{ФГ}} = \frac{Q_{\text{пн}}(t_{\text{п}}^{\text{ФГ}} - t_{\text{в}}^{\text{ФГ}})}{\frac{1}{2}(t_{\text{п}}^{\text{ж}} + t_{\text{п}}^{\text{к}}) - t_{\text{вн}}} ; (21)$$

$$Q_{\text{нон}}^{\text{ФГ}} = \frac{Q_{\text{он}}(t_{\text{о}}^{\text{ФГ}} - t_{\text{в}}^{\text{ФГ}})}{\frac{1}{2}(t_{\text{о}}^{\text{ж}} + t_{\text{о}}^{\text{к}}) - t_{\text{вн}}} , (22)$$

мұндағы

$t_{\text{грн}}$

,

$t_{\text{вн}}$

— сынақ кезіндегі топырақ және қоршаған орта температуралары, 0С.

43. Сыналған учаскелер үшін норма бойынша орташа жылдық жылу жоғалту мына өрнектермен анықталады, Вт немесе ккал/сағ:

жер астымен төселген учаскелер үшін

$$Q_{\text{н}}^{\text{Фг}} = \sum \beta q_{\text{н}} L; \quad (23)$$

жер үстімен тартылған учаскелер үшін

$$Q_{\text{нп}}^{\text{Фг}} = \sum \beta q_{\text{нп}} L; \quad (24)$$

$$Q_{\text{н.о}}^{\text{Фг}} = \sum \beta q_{\text{н.о}} L, \quad (25)$$

мұндағы

$$q_{\text{н}}, \quad q_{\text{нп}}, \quad q_{\text{н.о}}$$

және b мәндері осы Әдістемелік нұсқаудың 17-тармағы бойынша анықталады

44. Нақты және нормалар бойынша анықталған жылу шығыны мөлшерлерінің қатынасы мына өрнектер бойынша анықталады:

жер астымен төселген учаскелер үшін

$$K = \frac{Q_{\text{нп}}^{\text{Фг}}}{Q_{\text{н}}^{\text{Фг}}}; \quad (26)$$

жер үстімен тартылған учаскелер үшін

$$K_{\text{п}} = \frac{Q_{\text{нпн}}^{\text{Фг}}}{Q_{\text{нп}}^{\text{Фг}}}; \quad (27)$$

$$K_{\text{о}} = \frac{Q_{\text{н.он}}^{\text{Фг}}}{Q_{\text{н.о}}^{\text{Фг}}}. \quad (28)$$

45. Сынақ нәтижелерін талдағанда мыналарды ескеру қажет:

Қатынасы түрлі төселім түріне байланысты жылу оқшаулау қабатын жобалағандағы нормаланған жылу жоғалтудың нақты жылу шығыны қаншалықты сәйкестігін көрсетеді. Нормалаушы құжаттарда жылу шығынын анықтау және олардың пайдалану барысында нормаға сәйкестігін тексеру қарастырылмағандықтан, олардың жылу оқшаулау конструкциясының техникалық күйінің пайдалану барысында өзгеруі ТПЕ бекіткен уақытта сынақ өткізіп тұру арқылы анықталады;

К қатынасының түрлі төселім түрлерінде бірдей шығуы жылу оқшаулағыш конструкцияларының техникалық күйінің әр түрлілігін көрсетеді. Жер астымен төселген құбырлардың жылу оқшаулағышының жылу техникалық күйі нашар болғанда К коэффициентінің өзгеру диапазоны аз, және ереже бойынша жер үстімен тартылған құбырлардың К коэффициентінен абсолютті мәнінен кем болады.

Оқшаулауы бұрын қолданыста болған жылу шығындарының нормалары бойынша орындалған және жұмыс істеп тұрған жылу желілерінің көпшілігі үшін К арақатынасының мәндері ҚНЖЕ 2.04.14-88* және ХҚН 4.02-03-2004.нормалары бойынша оқшауланған жылу желілеріне қарағанда меншікі жылу шығындарының абсолюттік мәндерінің жоғарырақ болуына байланысты төмен болады.

46. Сынақ нәтижелері негізінде барлық жылу желілерінің пайдалану барысындағы жылу шығынын келесі кезеңге нормалау, сондай-ақ нақты және нормалық жылу жоғалтуларды өткен кезең үшін салыстру - жылу шығыны көрсеткіштері бойынша жылу желілерінің энергетикалық сипатын жасауға арналған Әдістемелік нұсқаулықтарға сәйкес жүргізілуі керек. (Қазақстан Республикасының, ҚР СТ және ГОСТ нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес)

3-тарау. Тұтынушыларда есептеу аспаптары болған жағдайда жылу шығындарын анықтау

47. Қазіргі таңда орталықтан жылумен қамтитын жүйелердің көпшілігінде есептеу аспабы бар ондаған тұтынушысы бар болуы әбден мүмкін. Олардың көмегімен желідегі жылу шығынын көрсететін параметрлерді анықтауға болады (qp - қос құбырлы жылу тармағының бір километріндегі бір текше метр жылутасымалдағыштың жылу шығыны)

48. Жылу есептегіштердің архивтеу мүмкіндігін пайдалана отырып, әрбір есептегіш құралы бар тұтынушыға берілген судың орташа айлық температуралары мен су шығындары анықталады.

49. Сол уақыт кезеңінде жылу көзінде де орташа су температурасы

$T_{пр}^{ист}$

және шығыны

$G_{пр}^{ист}$

анықталады.

50. i-ші тұтынушыға дейінгі беру құбырының жылу оқшаулағыш арқылы орташа жылу шығыны мына өрнекпен анықталады:

$$Q_{п.под}^i = \frac{(T_{под}^{ист} - T_{под}^i) \cdot G_{под}^i}{1000}, \text{ Гкал/ч (29)}$$

мұндағы,

$T_{под}^i$

және

$G_{под}^i$

- есептегіш құрал көрсетуі бойынша беру құбырындағы жылу тасымалдағыштың температурасы мен шығыны;

$T_{\text{под}}^{\text{ист}}$

- жылу көзінен шыққандағы беру құбырындағы жылутасымалдағыш температурасы, оС.

51. Есептегіш құралы бар тұтынушылардың беру құбыры бойынша барлық жылу шығыны:

$$Q_{\text{п.под.}}^{\text{пр}} = \sum Q_{\text{п.под.}}^i \quad (30)$$

52. Желінің беру құбырындағы орташа меншікті жылу жоғалуы:

$$q_{\text{п.под.}} = \frac{Q_{\text{п.под.}}^{\text{пр}}}{\sum (G_{\text{под.}}^i \cdot l^i)}, \quad (31)$$

мұндағы, l^i - жылу көзінен i -ші тұтынушыға дейінгі ең аз арақашықтық, м.

53. Есептегіш құралы жоқ тұтынушылар үшін де жылутасымалдағыш шығыны есептеп шығарылады:

а) жабық жүйе үшін

$$G_{\text{под}}^{\text{без пр}} = G_{\text{пр}}^{\text{ист}} - \sum G_{\text{под.}}^i - \frac{G_{\text{ут}}^{\text{ист}}}{2} \quad (32)$$

мұндағы

$G_{\text{ут}}^{\text{ист}}$

- талдау кезеңіндегі жылу көзіндегі жылу желісін орташа сағаттық толықтыру шығыны;

б) ашық жүйе үшін

$$G_{\text{под}}^{\text{без пр}} = G_{\text{под}}^{\text{ист}} - \sum G_{\text{под.}}^i - \frac{G_{\text{подп.н.}}^{\text{ист}} - \sum G_{\text{потр.н.}}^i}{2} \quad (33)$$

мұндағы:

$G_{\text{подп.н.}}^{\text{ист}}$

- жылу көзінде жылу желісін түнгі уақытта орташа сағаттық толықтыру шығыны;

$$G_{\text{потр.н.}}^i$$

- іші тұтынушының түнгі уақытта орташа сағаттық тұтыну шығыны.

Күндіз-түні жылутасымалдағыш тұтынатын өндірістік тұтынушылардың, ереже бойынша, есептегіш құралы боуы керек.

54. Есептегіш құралы жоқ әрбір j -тұтынушы үшін беру құбырындағы жылутасымалдағыш шығыны

$$G_{\text{под}}^{\text{без пр.}}$$

тұтынушыларға орташа сағаттық жүктеме бойынша пропорционал түрде тарату арқылы анықталады.

